



**ҚР ҰҒА академигі
Т.Қожамқұловқа**

ҚҰРМЕТТІ ТӨЛЕГЕН ӘБДІСАҒИҰЛЫ!

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз ғибратты ғұмырыңызды ғылымға арнаған адамсыз.

Еңбек жолыңызды қарашаңырақ ҚазҰУ-да бастап, ізбасар шәкірттер тәрбиеледіңіз.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде университет жанынан тәжірибелік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтын ашып, тұңғыш директоры болдыңыз.

Өз салаңызда іргелі зерттеулер жүргізіп, ауқымды ғылыми жобаларды іске асырып, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын шығардыңыз.

Еңбектеріңіз халықаралық ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланып, беделді марапаттарға ие болдыңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметін абыроймен атқарып, көшбасшы білім ордасының дамуына елеулі үлес қостыңыз.

Университет өзіңіздей қайраткер ғалымдарын мақтан етеді.

Ел құрметіне бөленіп, мәртебеңіз арта берсін.

Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға құт-береке, еңбегіңізге табыс тілеймін!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы-Ректор**

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ